

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, маслихаттар депутаттының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын мемлекеттік қаржыландырудың ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті 1999 жылғы 27 желтоқсан N 697. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрайымының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 58 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрайымының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 58 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің, Қазынашылық комитеті Төрайымының кейбір бұйрықтарының күшін жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Бюджеттік есепті ұйымдастыру басқармасы қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апта мерзімде хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төрайым

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң

Қ а з ы н а ш ы л ы қ к о м и т е т і Т ө р а й ы м ы н ы ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 58 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің, Қазынашылық комитеті Төрайымының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын мемлекеттік қаржыландырудың ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 1999 жылғы 27 желтоқсандағы N 697 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

Бұйырамын:

1. "Сайлауларды мемлекеттік қаржыландырудың ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 ақпандағы N 71 Қазынашылық департаментінің бұйрығымен бекітілген қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, маслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын мемлекеттік қаржыландырудың ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, маслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын мемлекеттік қаржыландырудың ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар

8 - т а р м а қ т а :

екінші сөйлем алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер кандидат сайлау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып сайланса немесе кандидат дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (дауыс берушілердің) кемінде жеті процент дауысын алған болса, енгізілген сайлау жарнасы кандидатқа қайтарылады.";

10-тармақтың 4-тармақшасындағы "шығыстар" деген сөзден кейін "(темір жол, әуе және автомобиль көлігінің қызметіне ақы төлеуге, көлікті жалдауға, жанар-жағар май материалдарын сатып алуға арналған шығыстарды қоса алғанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың үшінші абзацындағы "округтік" деген сөздердің алдынан "аумақтық және" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

233 "Орталық сайлау комиссиясы бухгалтерлік есепте 233 "Басқа республикалық бюджеттің әкімшілігіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарын бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шотының дебеті бойынша және 090 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге және басқа да шараларға аудару үшін мемлекеттік мекемелердің шығыстарына арналған ашық лимиттер" кредиті бойынша басқа республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне 2-б-н.

министрлік аралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша бөлінген лимиттерді көрсетеді. Орталық сайлау комиссиясынан 2-б-н. министрлік аралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша бюджеттік қаражатты жұмсауға арналған лимиттер алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері" 092 "Басқа республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына арналған ашық лимиттер" қосалқы шотының дебеті бойынша және 233 қосалқы шотының кредиті бойынша бухгалтерлік есепте көрсетеді; тауарлар мен қызмет көрсетулерге аударылған сомаға 178 "Өзге де дебиторлармен және кредиторлармен есептемелер" қосалқы шотының дебеті бойынша және 092 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі; жүргізілген шығыстар сомасына 201 "Басқа республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемені ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті бойынша және 092, 178 "Өзге де дебиторлармен және кредиторлармен есептемелер", 180 "Жұмысшылармен және қызметшілермен есептемелер" қосалқы шотының және басқа да қосалқы шоттардың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Жыл аяқталғаннан кейін Орталық сайлау комиссиясынан 2-б-н. бойынша лимиттер алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізілген шығыстарды қорытынды айналымдармен есептен шығарады және 233 қосалқы шотының дебеті, 201 қосалқы шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазбамен көрсетеді.";

19-тармақтың үшінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Айрықша жағдайларда Орталық сайлау комиссиясының өтініші негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жазбаша рұқсаты бойынша бюджеттік шоттардан бюджеттік қаражатты жұмсау мерзімін ұзартуға және лимиттердің бос қалдықтарын қайтарып алуға рұқсат етіледі.";

20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сайлау жүргізуге Орталық сайлау комиссиясынан 2-б-н. министрлік аралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша бюджеттік қаражатты жұмсауға лимиттер алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Орталық сайлау комиссиясының шығыстар сметасының атқарылуының жиынтық балансына енгізу үшін оған шығыстар сметасының балансын (N 1 нысан) коды (050300I), мемлекеттік мекеменің шығыстары сметасының атқарылуы туралы есепті (N 2 нысан) коды (0603008) және 2-б-н. министрлік аралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша пайдаланылған лимиттер туралы мәліметтерді көрсете отырып түсіндірме жазбаны ұсынады."

